

А.А. Кенжеғалиев, PhD докторанты
А.Х. Муканов*, PhD, аға оқытушы
*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан*
* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)
e-mail: Aidar81hamzauli@gmail.com

ҚАЗАҚСТАН АЙМАҚТАРЫНДАҒЫ БАЛАЛАР ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМДЕР ТУРИЗМІНІҢ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бүгінгі таңда балалар және жасөспірімдер туризмі жас ұрпақты бос уақытты пайдалы шараларға толтырып, тәрбиелеу ғана емес, сонымен қатар туристік аймақтардың тартымдылығын қамтамасыз ететін маңызды бағыттардың бірі ретінде қарастырылады. Балалар мен жасөспірімдерді туристік ресурстарды игеруге және оларды тұтынуға белсенді түрде араластыру туристік дестинация шегінде бір қатар әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Еліміздің аймақтары арасындағы балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытудағы теңсіздік осы салада демалысты, сауықтыруды және рекреациялық қызметті ұйымдастырудағы жүзеге асырылып жатқан шараларды қайта қарастыруды талап етуде.

Қазақстан Республикасындағы балалар мен жасөспірімдер туризмінің дамуындағы ерекшеліктерді анықтау, жастарды туризмге араластыру саласындағы негізгі мәселелерді шешуге бағытталған ұсыныстарды әзірлеу атаулы зерттеудің мақсаты болып табылады. Теориялық талдау және сандық әдістерді қолдана отырып авторлар Қазақстан аймақтарындағы балалар мен жасөспірімдер туризмінің даму ерекшеліктерін сипаттауға, балалардың сауықтыру және рекреация қызметін қамтамасыз ету жүйесінің мықты және әлсіз жақтарын анықтауға, балалар аудиториясына арналған туристік-рекреациялық ортаны дамыту бойынша ұсыныстарды әзірлеуге көңіл бөлген.

Зерттеу отандық және шетел авторларының еңбектерін, ресми интернет-ресурстарда берілген статистикалық мәліметтерді, осы қызмет саласын реттеуге бағытталған нормативті-құқықтық құжаттарды талдау негізінде орындалды.

Кілт сөздер: балалар мен жасөспірімдер туризмі, урбанизация, балалар демалысы, туристік өнімдер, дестинация, туристік аймақтар, өңірлер.

Ключевые слова: детско-юношеский туризм, урбанизация, детский отдых, туристские продукты, дестинация, туристские районы, регионы.

Keywords: children and youth tourism, urbanization, children's recreation, tourism products, tourist areas, regions.

JEL: O44, Z32, R11

Кіріспе. Қазіргі таңда бірқатар экономикалық, әлеуметтік және технологиялық факторлардың себебінен қоғам арасындағы байланыс күрт өзгеруде. Экономикалық ресурстарға қол жетімділігін, өмір сүру ыңғайлылығын арттыру мақсатында көптеген ауыл тұрғындары қалаға көшіп, урбанизация үрдістерінің белсенділігін арттырып жатыр. Бір жағынан, бұл құбылыс қала инфрақұрылымының дамуына, сонымен қатар қала ортасында жаңа институттардың пайда болуына әкеледі. Екінші жағынан қала ортасында бір қатар мәселе туындатады, соның ішінде еліміздің болашағы балалар мен жасөспірімдердің табиғатпен тікелей байланысын әлсіретеді, ұлттық салт-дәстүрлер мен әдеп-ғұрыптарды күнделікті өмірде меңгеру мүмкіндіктерінің азаюына әкеліп соғады. Бұл жағдайда өскелен ұрпақ кең таралып жатқан гаджеттерге байланып, танымдылық үрдісін интернет арқылы жүзеге асырып, қоғам ішінде шынайы қарым қатынас орнату, топ ішінде әрекет атқару, өз бетінше шешім қабылдап, жүзеге асыру қабілеттерін дамыту мүмкіндіктерін шектеп жатыр.

Балалар мен жасөспірімдер туризмі көптеген елдерде өскелен ұрпақтың тек бос уақытын ұйымдастыру тәсілі ғана емес, сонымен қатар жастарды отасүйгіштікке, қоршаған ортада жауапты мінез-құлық атқаруға, әлеуметтік дағдыларды толықтай жүзеге асыруға тәрбиелейтін [1], физикалық белсенділікті арттыруға толық мүмкіндік қалыптастыратын маңызды құрал ретінде

қарастырылады. Бірқатар елдер балаларды және жасөспірімдерді туризм арқылы тәрбиелеу сұрақтарына стратегиялық тұрғыдан қарайды. Оқушылар мен жастарды туризмге араластыру арқылы патриоттық құндылықтары жоғары және салт-дәстүрлерге жауапты түрде қарайтын қоғам қалыптасады және мемлекеттің оңтайлы имиджы нығая түседі. Бұл міндетті тиімді шешуде орталық пен жергілікті мемлекеттік органдар, білім беру мекемелері, қоғамдық ұйымдар және басқа да мүдделі тараптар өзара бірлесіп жұмыс атқарулары тиіс.

Елімізде ішкі туризмді дамыту мәселелері ұлттық экономиканы дамытудағы басымдылыққа ие сұрақтардың қатарына жатады. Отандық өңірлерде туристік аймақтарды дамыту және оларды шетел мен отандық туристтер үшін тартымды ету сұрақтары жыл сайын Үкімет отырыстарында қарастырылады. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында [2] туризм саласын дамыту бойынша бірқатар бағыттар негізделіп, айқындалған. Соның ішінде маңызды көңіл балалар мен жасөспірімдер туризміне бөлінген. Мысалы, атаулы тұжырымдамада балалар мен жасөспірімдер туризмі өскелен ұрпақтың бойында қоғам үшін маңызды құндылықтар мен дағдыларды қалыптастыратын әрекеттердің бірі ретінде сипатталады.

Мемлекет үшін балалар мен жасөспірімдер туризмі жастар саясатының, білім беру мен салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады [3, 4]. Сонымен қатар балалар және жасөспірімдер туризмі өңірлік экономиканың дамуына едәуір әсер ететіндігін көрсетуге болады [5, 6]. Бұл туризм түрі ішкі туристік сұранысты күшейтіп, қоғамның туристік белсенділігін арттырады және де тұтынушыларды еліміздегі туристік ресурстарды тұтынуға бағыттайды. Нәтижесінде балаларға және жасөспірімдерге туристік қызмет көрсету үдерісіне экономикамыздың бір қатар шаруашылық субъектілері араласа бастап, жергілікті аймақтарда экономикалық белсенділік нығая түседі.

Балалар және жасөспірімдер туризм мәселесін зерттеуде басты гипотеза ретінде келесі негізгі түсініктемелік пікір қабылданды: егер заманауи шарттардағы еліміздегі урбанизация үрдістері есепке алынып балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту шарттары әзірленіп, жүзеге асырылса, онда ол қоғам ішіндегі туристік өнімді тұтыну белсенділігі едәуір арттырып, ұлттық тарихи-мәдени құндылықтарының сақталуына негіз қалайды және болашақта тұрақты туризм дамуына жағдай жасайды. Осы тұрғыдан алғанда зерттеу жұмысының мақсаты Қазақстан Республикасындағы балалар мен жасөспірімдер туризмінің қазіргі кездегі даму ерекшеліктерін анықтау, оның әлеуметтік маңыздылығын анықтау және ұйымдастырушылық негіздерін талдау, сондай-ақ бұл саланы тиімді дамытудың негізгі бағыттарын айқындап, олардың туризм индустриясының тұрақты дамуына әсерін бағалау болып табылады.

Белгіленген мақсатқа қол жеткізу үшін авторлар тақырыпқа қатысты аксиологиялық көзқарас пен пәнаралық байланыс ерекшеліктерін ескере отырып келесі негізгі міндеттер белгіледі: балалар мен жасөспірімдер туризмінің әдебиеттік шолу негізінде теориялық негіздерін айқындау, урбанизация шарттарындағы оның негізгі мазмұнын нақтылау; еліміздегі балалар мен жасөспірімдер туризмінің статистикалық мәліметтер негізінде даму динамикасын сипаттау және туризм индустриясындағы орнын белгілеу, қоғам өміріндегі маңыздылығын бағалау, балалар мен жасөспірімдер туризмінің ұйымдастырушылық тетіктерін сипаттау, осы туризм түрін дамыту бағыттарын айқындау және тұрақты туризм дамуына ықпалын бағалау.

Бүгінгі күні елімізде балалар және жасөспірімдер туризмінің ғылыми зерттелуі жеткіліксіз болып табылады. Отандық зерттеулерде бұл туризм түрі әлеуметтік ғылымдар мен педагогика тұрғысынан қарастырылған, ал кешенді экономикалық, урбанистика және бихевиористік көзқарастан тіпті қарастырылмаған. Сол себепті авторлар атаулы еңбекте балалар мен жасөспірімдер туризмінің қазіргі кездегі даму ерекшелігін зерттей отырып, бұл ортадағы құбылыстарды экономикалық және урбанистикалық тараптан қарастырып, сипаттама беруге тырысты.

Зерттеуде қолданылған сандық әдістерді, атап айтқанда ашық дереккөздерде жарияланған статистикалық мәліметтерді талдауды қолдану урбанизация үрдістерін, демографиялық өзгерістерді және балалар мен жасөспірімдердің туристік қызметке қатысу көрсеткіштерін объективті бағалауға мүмкіндік берді. Ресми статистикалық деректерді пайдалану зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен салыстырмалылығын қамтамасыз етуге, заңдылықтарды анықтауға ықпал етуге және қалалық орта жағдайында балалар мен жасөспірімдер туризмінің дамуына әсер ететін факторларды талдау үшін эмпирикалық негіз қалыптастырады

Әдебиеттік шолу. Қазіргі таңда Қазақстанда балалар және жасөспірімдер туризмін зерттеу мәселесі туризм индустриясының әлеуметтік және тәрбиелік бағыттарын дамытудың маңызды бөлігіне айналып отыр. Балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру, тұлғалық қасиеттерін дамыту және экологиялық, патриоттық тәрбиені қалыптастыруда туризмнің алатын орны ерекше. Балаларды туристік әрекетке араластыру сұрақтары ғылыми тұрғыдан XIX ғасырдың ортасынан бастап қарастырыла басталды [5].

Заманауи ғылыми әдебиеттерде балалар мен жасөспірімдер туризміне қатысты бірнеше көзқарас қалыптасқан. Бірқатар ғалымдар атаулы туризм түрін экологиялық туризм арқылы қарастырып, болашақ ұрпақта қоршаған ортамен жауапты мінез құлық арқылы байланыс орнатудың, экологиялық сананы қалыптастырудың тиімді құралы ретінде сипаттайды. Басқа еңбектерде балалар және жасөспірімдер туризмі қоғамдық құндылықтарды, ұлттық мүдделерді қалыптастыру және оларды ұрпақтан ұрпаққа берілуін қамтамасыз ететін маңызды қызмет ретінде сипатталады. Сонымен қатар, кейбір еңбектерде балалар мен жасөспірімдер туризмі инклюзия қырынан зерттеліп, мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендіруге жағдай жасай алатын құралдардың бірі ретінде сипатталады.

Батыстық ғылыми ортада балалар мен жасөспірімдер туризмі бүгінгі күні туристік өнімнің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады және коммерциялық қызметтердің қатарына жатады. Мысалы АҚШ-та балалар және жасөспірімдер туризмін ұйымдастыруға жергілікті бизнес субъектілер белсене қатысып, жыл сайын орташа есеппен алғанда 70 млрд долларға дейін тауар мен қызмет айналымын қамтамасыз етеді. Жалпы батыстық ғылыми әдебиетте балалар мен жасөспірімдер туризмі өскелең ұрпақты әлеуметтік топқа бейімдеу, жеке тұлға ретінде қалыптасу, әртүрлі өмірлік жағдайларға бейімделу, қиындықтарға төтеп беру, қоршаған ортада ресурстарды тиімді және жауапты пайдалану дағдыларын қалыптастыратын ұйымдастырылған әрекет ретінде түсіндіріледі. Мысалы, Рейчардс Г. [7] балалар мен жасөспірімдерге туризммен айналасуға қолайлы жағдай жасау арқылы өскелең ұрпақ арасында әлеуметтік қарым-қатынас орнатуда қажетті құндылықтар мен дағдылардың алмасуына негіз қалауға болады деп есептейді. Сварбрук Д. және Хорнер С. [8] балалар мен жасөспірімдер туризмін қоршаған ортада жауапты әрекет атқара алатын, жергілікті мәдениет құндылықтарына, салт-дәстүрлеріне сыйластықпен қарай алатын болашақ туризм саласындағы тұтынушыларды даярлау үрдісі ретінде сипаттайды. Алайда батыстық ғалымдар балалар мен жасөспірімдер туризмін көбінесе коммерциялық қызмет тұрғысынан қарастырып, өскелең ұрпақтың белілігі бір әлеуметтік ортадағы бәсеке қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беретін қызметтің бір түрі деп сипаттайды.

Постсоветтік кеңістікте балалар мен жасөспірімдер туризмі көп жағдайда қоғамдық функция негізінде қарастырылады және мектептен тыс орындалатын қосымша білім беру үрдісі ретінде сипатталады. Атаулы туризм түрі балаларда азаматтық-патриоттық сезімдерін оятып, ұлттық құндылықтарды сыйлауға, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға, өлкетану жұмыстарына белсене араласуға бағыттау арқылы қоғамдық тұрғыда пайдалы үрдістерді жүзеге асырады деген пікір кеңінен қалыптасқан. Мысалы, Квартальнов В.А. балалар және жасөспірімдер туризмін әлеуметтік тұрғыда қарастырады және өскелең ұрпақта саяхат арқылы қоршаған ортаға деген жауапкершілікті қалыптастыру мен өмірлік құндылықтарды сіңіру үрдісі деп сипаттайды [9]. Осы пікірге сәйкес балалар мен жасөспірімдер туризмі жас буынды белсенді қоғам мүшесіне айналдыру тәсілі ретінде көрсетуге болады. Жалпы ТМД елдеріне қатысты ғалымдар балалар ортасындағы туризмді дамыту мәселелерін қарастырғанда оның қоғамдық маңыздылығын негіздейді. Бүгінгі күні балалар мен жасөспірімдер туризмі жергілікті және аймақтық нарықта бір қатар туристік өнімдердің әзірленуіне және тұтылуына себеп болуда. Мысалы балалар лагеріндегі ақылы демалыстар немесе белсенді жорықтар мен экскурсиялар. Сондықтанда бүгінгі күні балалар мен жасөспірімдер туризмін сипаттауда оның бір қатар ерекшеліктеріне назар аударуымыз қажет.

Отандық зерттеушілер мен сарапшылар балалар мен жасөспірімдер туризмін жас буынды болашақ өмірге дайындау, ұлттық мүдделерге сәйкес тәрбиелеу және салауатты өмір салтын жүргізуге қатысты дағдыларды қалыптастыру үрдісі ретінде сипаттайды. Мысалы Жиканова Т. және Ишкинина Г. [10] атаулы туризм түрін балалар ортасында тәрбие құндылықтары мен тұлғалық ұстанымдарды белсенді әрекет арқылы насихаттау үдерісі ретінде келтіреді. Ал, Имангулова Т.В. мен Сардаров О.А. [11] бұл әрекет түрін балаларда ұлттық сана мен мәдени мұраны құрметтеу дағдыларын қалыптастыру арқылы жергілікті қоғамды тәрбиелеу құралы деп түсіндіреді.

Бірқатар отандық ғалымдар балалар мен жасөспірімдер туризмін педагогикалық тұрғыдан қарастырады. Мысалы, Шумейко Т.С. [12] балалар мен жастардың арасындағы туризмді тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған білім берудің белсенді әдісі деген түсініктеме береді.

Біздің ойымызша бүгінгі күні балалар мен жасөспірімдер туризмі пәнаралық категория болып есептеледі. Атаулы туризм түрі қоғам ішінде әлеуметтік маңыздылығы бар функцияларды жүзеге асыру ғана емес, сонымен қоса экономикалық тұрғыда дестинация мен аймақ үшін пайдалы құбыластардың бірі. Басқаша айтқанда, балалар мен жасөспірімдер туризмі кәметтік жасқа жетпеген тұтынушылармен дестинация шегінде орналасқан туристік ресурстарды жергілікті мәдени-әлеуметтік құндылықтарға сай тұтынуды ұйымдастыру және жүзеге асыру.

Жалпы зерттеу үрдісі прагматикалық философиялық тәсілдерге сүйенеді. Атаулы тәсіл зерттеу нысанының дамуындағы мәселелерді айқындауға және даму үрдісін оңтайландыру мақсатында әлеуметтік, экономикалық, басқарушылық ұсыныстарды негіздеуге бағытталады. Яғни, басқаша айтқанда, прагматикалық тәсілдің мәні құбылыстың сипатын нақтылауда емес, нақты тәжірибелік жағдайға сай келетін ұсыныстар мен шешімдерді даярлауда [13]. Бүгінгі күні балалар және жасөспірімдер туризмі тек экономикалық немесе ұйымдастырушылық құбылыс қана емес, сонымен қатар қоғамның өміріне әлеуметтік, экономикалық немесе институционалдық тұрғыда едауір әсер ететін, аймақтық экономиканың маңызды құраушылардың бірі. Қазіргі кезде елімізде балалар және жасөспірімдер туризмінің дамуы бір қатар кедергілерге байланысты баяу жүруде және нақты тәжірибелік ұсыныстарды немесе шешімдерді әзірлеуді талап етуде. Осы фактор атаулы зерттеуде прагматикалық әдісті қолдануға негіз болып табылды.

Негізгі бөлім. Бүгінгі күні балалар мен жасөспірімдер туризмі күрделі және көпқырлы жүйе ретінде сипатталады. Атаулы туризм түрі ұрпақтар арасындағы қарым қатынасты орнатуға және қоғам мүшелері арасында бірқатар қызметтерді ақылы түрде айырбастауға мүмкіндік беретініне байланысты оны әлеуметтік және экономикалық тараптан қарастырған жөн болады. Әлеуметтік тараптан балалар мен жасөспірімдер туризмі баланың қоғам ішінде тұлға ретінде қалыптасуына, ұлттық мүдделер мен жергілікті қоғамға тиесілі дәстүрлі құндылықтарды игеруге, туған өлкенің тарихи және мәдени мұрасын тануға, құрметтеуге негіздейді. Туристік тәжірибе негізінде өскелен ұрпақ экологиялық мәселелерге, қоғам ішіндегі әлеуметтік құбылыстарға, азаматтық көзқарасына қатысты жеке ұстанымдарын қалыптастырып, жергілікті қауымдастықтың белсенді мүшесіне айналады. Сонымен қатар, жастар жаңа технологиялар мен үдерістерді тез игереді және туристік дестинация шегінде оны белсене таратып, туристік ресурстарды тұтынудың жаңа мәдениетін қалыптастырулары мүмкін.

Экономикалық тараптан балалар мен жасөспірімдер туризмі, ең бірінші кезекте, жеке тұтынушылар тобымен туристік ресурстарды немесе олардың негізінде ұйымдастырылған қызметтерді бекітілген тәртіптерге сай тұтыну үрдісі. Атаулы туризм түрі дестинация шегінде туристік қызметтерге деген сұранысты кеңейтіп, жергілікті және өңірлік деңгейде табиғи, мәдени, тарихи және басқа да аттрактивті ресурстарды тиімді пайдалануға негіз қалайды. Балалар мен жасөспірімдер туризмі дестинация шегінде қызмет атқаратын бизнес субъектілердің қызметіне деген сұранысты арттырады және жеке тұтынушылар сегментіне арналған қосымша туристік өнімдердің әзірленуіне негіз қалайды, рекреациялық қызметте білім беру құралдарын кеңінен қолдануға, танымдылық формалардың интерактивті нұсқада жүргізілуін қамтамасыз етеді. Осы себептен бірқатар дестинациялар балалар мен жасөспірімдер туризмін жаңа мүмкіндіктердің көзі ретінде қабылдайды. Мысалы, балаларға бағытталған қызметтерді және туристік өнімдерді әзірлеу дестинация шегінде жаңа типті инфрақұрылымның пайда болуына, қосымша интерактивті құрылғылардың орнатылуына, білім беру тәсілдердің игерілуіне, танымдылық функцияларды кеңейтуге мүмкіндік беретін шаралардың әзірленуіне, тақырыптық маршруттар санының ұлғаюына әкеледі. Бұндай өзгерістер дестинацияда тауар мен қызметтердің айналу белсенділігіне оңтайлы әсер етіп, тұрақты дамуға қол жеткізуге жағдай жасайды.

Жас буынның демалысын ұйымдастыру шаралары жергілікті басқару органдары, білім беру мекемелері, табиғи-мәдени ресурстармен жұмыс атқаратын ұйымдар, қоғамның танымдылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған субъектілерінің өзара байланысы негізінде орындалады. Кейбір өңірлерде, мысалы Батыс Қазақстан аймақтарында, Астана, Шымкент, Алматы қалаларында, балалар мен жасөспірімдер туризмі өскелең ұрпақты туристік әрекетке араластыру арқылы туған өлкенің тарихын, жергілікті мәдениетті тану, жаңа туристік қызметтер түрлерін

әзірлеу және нарыққа еңгізу, урбанизация шартында ұлттық құндылықтарды қала тұрғындары арасында насихаттау жұмыстары жүзеге асырылуда. Мысалы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастырылуымен өткізілетін «Менің Отаным-Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтарының Республикалық слетіне жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары жыл сайын қатысады. Өткен 2024 жылы атаулы слетке республикамыздың әр түрлі өңірлерінен 180 адам қатысты. Егер өңірлік кезендерді қарастырсақ (мектеп, аудандық қалалық, облыстық) бұл шараға жалпы 103 832 білім алушы қатысты. Бұл көрсеткіш жылдан-жылға артып келеді.

Қазақстан Республикасында балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытуға бағытталған бірнеше орталықтар, туристік станциялар, туристік лагерлер сонымен қатар мектеп жанындағы туристік өлкетану бағытындағы үйірмелер жұмыс жасап келеді. Бүгінгі таңда елімізде 41 балалар мен жасөспірімдер туризм орталығы өз жұмысын жалғастыруда. Ол орталықтар еліміздің 11 облысы мен Астана, Алматы, Шымкент қалаларында орналасқан. Орталықтар қызметі көп жағдайда мектеп және колледж оқушыларына бағытталған. Оқушылар негізінен спорттық туризм өлкетанулық экскурсиялар, экспедициялар және экологиялық бағыт бойынша үйірмелерге қатысады. Жалпы тұрғыдан атаулы орталықтар балалар мен жасөспірімдерді келесі туристік әрекеттерге бағыттайды:

жаяу туризм – туризмнің ең қарапайым қолжетімді түрі болып есептеледі. Техникалық қауіпсіздік ережесін қатаң сақтай отырып туристік кедергілер жолағынан өту, туристік жаяу жорықтарды ұйымдастыру;

тау туризмі – тау жоталары мен асуларда кездесетін кедергілерді еңсеретін және арнайы құрал-жабдықтарды қолдана отырып өткелдер құру арқылы кедергілерді бағындыру. Үйірмеге қатысушылардың негізгі дайындығы арнайы жасанды жартастарда өткізіледі;

шаңғы туризмі – қыс мезгілінде шаңғы құралдарын қолдана отырып туристік кедергілер жолағынан өту, сондай-ақ туристік шаңғы жорықтарын ұйымдастыру;

туристік көпсайыс – белсенді туризмнің техникасы мен тактикасын меңгеріп, туризмнің бірнеше түрін қамтып (жаяу, тау, вело, шаңғы және т.б.) кешенді кедергілер жолағын құру;

альпинизм – таудың шыңдарына арнайы туристік құрал-жабдықтарды қолдана отырып, табиғи кедергілерді бағындыру;

спорттық құзға өрмелеу – табиғи немесе жасанды жартастарға өрмелеу. Құзға өрмелеу жарыстары біздің елімізде жылдамдық және қиындық қашықтықтары бойынша өткізіледі;

спорттық бағдарлау – берілген карта бойынша компасты қолдана отырып белгіленген шекті нүктелерді уақытқа жылдамдыққа табу;


турист-жас құтқарушылар – оқушыларға патриоттық тәрбие беру мақсатында төтенше жағдай, табиғи апаттарда, оқыс оқиға кездерінде алғашқы көмек көрсету қағидаларын қалыптастыру;

вело туризм - велосипедті қолдана отырып арнайы дайындалған және табиғи туристік кедергілер жолағын еңсеру. Сондай-ақ түрлі қашықтықтағы велосипед жорықтарын ұйымдастыру;

өлкетану – өз өлкеңнің тарихи, табиғи ескерткіштерін, флорасы мен фаунасын зерттей отырып әдет-ғұрып, салт-дәстүрін меңгеру.

Қазіргі уақытта елімізде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Менің Отаным - Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтарының Республикалық слеті және «Табиғатты аяла» туристік экологиялық олимпиадасы өткізіледі. Сонымен қатар, Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығымен белсенді туризмнің техникасы мен тактикасы, спорттық бағдарлау, шаңғымен спорттық бағдарлау бойынша жазғы және қысқы турнирлер ұйымдастырылады. ҚР спорттық бағдарлау федерациясы, ҚР туризм федерациясы, ҚР альпинизм және спорттық құзға өрмелеу федерациясымен туристік сайыстар жүзеге асырылады және бұл шараларға туризм орталықтары үйірмешілері қатысып, балалар мен жасөспірімдермен туристік саяхат барысында жұмыс істеу дағдыларын дамытады. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек 2025 жылы атаулы шараларға жалпы 251,2 мың адам қатысыпты, 2024 жылдың мәліметтермен салыстырсақ бұл көрсеткіш 13,2% артқан (сурет 1). Жалпы 2021 жылдан бастап елімізде туризммен айналасатын балалардың саңы тұрақты түрде оңтайлы динамиканы көрсетуде. Бұның негізгі себептеріне жергілікті әкімдіктер тарапынан балалар мен жасөспірімдер арасында атқарып жатырған шаралар санын артуын, балалар

саяхаттарын қолдауға бағытталған тетіктердің жүзеге асырылуын (Rids Go Free сияқты), отандастарымыздың арасындағы туристік белсенділіктің жоғарылауын жатқызуға болады.



Сурет – 1. Қазақстан Республикасында балалар мен жасөспірімдер туризміне қатысушылар саны (мың адам)

**[14] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған*

Ресми статистикалық мәліметтерге сүйеніп балалар мен жасөспірімдер туризмінің даму қарқының қарастырсақ еліміздің өңірлерінде бұл туризм түрі бір келкі емес түрде қалыптасуда. Мысалы, жалпы тұрғыда Қазақстан Республикасында туристік саяхаттауға 2024 жылы 1 532,1 мың 15 жасқа дейінгі бала қатысса, оның басым бөлігі республикамыздың оңтүстік өңіріне қарасты облыстарға (Жамбыл, Жетісу, Қызылорда, Түркістан облыстары және республикалық маңызы бар қалалар Алматы, Шымкент) тиесілі. Яғни бұл облыстардағы жергілікті әкімдіктің туризм саясатында балалар мен жасөспірімдер туризмін басым бағыт ретінде қарастырылған (кесте 1).

Басқа өңірлерді қарастырсақ 2020 жылдан бастап оңтайлы динамика байқалғанымен республикалық көрсеткіш құрылымында әр өңірдің үлесі 18%-дан аспайды. Зерттеу көрсеткендей бұл жағдайдың қалыптасуына келесі факторлар себеп болуда: балаларға арналған арнайы инфрақұрылымның қалыпты түрде қызмет атқармауы (көптеген балалар мен жасөспірімдер туризміне арналған объектілер 90-шы жылдарда жеке меншікке өтіп кеткен немесе қаржылық тапшылыққа байланысты құлдыруға ұшыраған); институционалдық кедергілердің болуы (жергілікті басқару органдарымен кейбір облыстарда балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытуға арналған бағдарламалар жүзеге асырылмайды және бұл туризм түрін жүзеге асыратын институционалдық құрылымдар қызмет атқармайды); бірқатар облыстарда балалар мен жасөспірімдер туризмі экономикалық әрекет түрі емес, тәрбие құралы ретінде ғана қарастырылады (АҚШ-та мысалы скауттар қозғалысы бір қатар штаттарда экономикалық маңызы бар әрекет ретінде қарастырылады және бірқатар кәсіпорындар осы қозғалыс қажеттіліктеріне бағыттанып қызмет атқарады); ақпараттандыру жұмыстарының әлсіздігі (көптеген ата-аналарға балаларға арналған туристік шаралар туралы ақпарат жеткізілмейді, нәтижесінде қатысушылар саныда аз) және т.б.

Қазақстан Республикасында 15 жасқа дейінгі балалардың 2020-2025 жылдар аралығында туристік саяхаттарға қатысу саны

Аймақтар	Жылдар						Базистік 2020 жылмен салыстырғандағы 2025 жылдағы өсу темптері
	2020	2021	2022	2023	2024	2025	
Қазақстан Республикасы	1421,8	1 899,1	1 769,0	1 383,1	1 532,7	1975,4	138,9
Солтүстік аймақтары	251	441,1	406,9	306,7	301,8	356,2	141,9
Батыс аймақтары	178,8	301,1	302,7	226,7	277,2	351,6	196,6
Шығыс аймақтары	99,9	81,8	94,5	72,8	115,1	156,6	156,8
Орталық аймақтары	115,4	133,5	171,6	116,8	132,6	149,4	129,5
Оңтүстік аймақтары	776,8	941,5	793,3	660,1	706	961,7	123,8

*[15] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Статистикалық мәліметтерді зерттеу негізінде бүгінгі күні еліміздің өңірлері арасында балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытуда көшбасшылық позиция оңтүстік өңірлеріне тиесілі екені анықталды. Бұл өңірлер 2025 жылы республикалық көрсеткіш құрамында 48,7% үлесті қамтиды. Алайда 2020 жылмен салыстырғанда оңтүстік өңірлердің республикалық көрсеткіштегі үлесі 5,9 пайызға қысқарған (кесте 2). Керісінше батыс аймағында бұл көрсеткіш 2025 жылы 12,6-дан 17,8%-ға дейін өскен, яғни бүгінгі күні батыс өңірлері балалар мен жасөспірімдер туризмінің базасын дамытуда қарқынды түрде экономикалық және маркетингтік шаралар атқаруда деп есептеуге болады.

Қазақстан Республикасы өңірлерінің балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытудағы үлесі

Аймақтар	2020 жылдағы үлес	2025 жылдағы үлес	Өзгеріс
Солтүстік аймақтары	17,7	18,0	+0,3
Батыс аймақтары	12,6	17,8	+5,2
Шығыс аймақтары	7,0	7,9	+0,9
Орталық аймақтары	8,1	7,6	-0,5
Оңтүстік аймақтары	54,6	48,7	-5,9

*[15] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Ағымды жылы бұл мәселе Үкімет отырысында қарастырылып, демалыс кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру бойынша бірқатар шешім қабылданған. Мысалы, Туризм және спорт министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытудың 2029 жылға дейінгі Жол картасы әзірлеген. Бұл құжатта 7 бағыт бойынша 29 іс-шара қарастырылған. Ішкі туризмді насихаттау мақсатында балалар авиабилеттерін субсидиялау бойынша мемлекеттік қолдау шарасы Kids go Free жүзеге асырылуда. Бағдарлама іске қосылғаннан бері 5.6 мыңнан астам бала тегін әуе сапарларының мүмкіндігін пайдаланды. Сонымен қатар Министрлік кәмелетке толмаған жолаушыларды алып жүруге құқығы бар тұлғалардың тізімін кеңейту бойынша жұмыс жүргізуде. Жергілікті атқарушы органдармен және туристік бизнес субъектілермен бірлесіп балалар мен жасөспірімдер арасында ішкі туризмді жылжыту жұмыстары орындалуда.

Қазақстан Республикасында ішкі туризмді дамыту стратегиялық маңызы бар сұрақтардың қатарына жатады. Ішкі туризмді дамыту мақсатында Туризм және спорт министрлігі тарапынан

кешенді бағдарламалар, жол карталары мен құқықтық-нормативтік құжаттар, облыстық әкімшілік тарапынан инвестициялық мастер-жоспарлар, нарықтың негізгі операторлары тарапынан жүйелі шаралар мен бизнес-жоспарлар әзірленіп, жүзеге асырылуда. Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Ж Тоқаев өз баяндамаларында ішкі туризмді дамыту мәселелеріне назар аударып, осы саланы қарқынды дамуына толықтай жағдай жасалуы керектігі туралы айтқан болатын. Осының негізінде бірқатар туристік жерлердің, ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың дамуына қатысты кешенді іс-шаралар жасақталып, жүзеге асырылуда.

Еліміздің бірқатар дестинациялары балалар мен жасөспірімдер туризмін белсенді түрде дамытуға мүмкіндіктері бар. Мысалы, Қатон-Қарағай, Бурабай, Зеренді, Алматы тау кластері аймақтарында танымдылық қызығушылықты оята алатын экологиялық, мәдени-тарихи туристік ресурстар жеткілікті. Алайда, дестинациялар туристік тұрғыда тартымды ресурстарға бай болғанымен көрсетілетін қызметтер көп жағдайда ересек адамдарға бағытталған, яғни балалар мен жасөспірімдерге қажеттіліктеріне арналып арнайы инфрақұрылым, қауіпсіздігі есепке алынып жасақталған маршруттар қалыптастырылмаған. Мысалы, Щучинск-Бурабай курорттық аймағын қарастырсақ, бұл аймақ отандық қана емес, таяу шетел туристер арасында белгілі дестинациялардың бірі, бірақ аймақ шегінде балалар мен жасөспірімдерге арналған қызметтердің саны шектеулі, білім беру құралдарына негізделген, танымдылық қажеттіліктерін интерактивті түрде қанағатандыра алатын, ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған, қоршаған ортада жауапты мінез-құлық танытуға қатысты дағдыларды қалыптастыруды көздейтін туристік бағдарламалар мен маршруттар толық әзірленбеген. Балаларға арналып орнатылған құрылғылар тек қысқа мерзімді пассивті демалысты атқаруға мүмкіндік береді және өскелең ұрпақты физикалық күш жұмсап, танымдылық функциясын жүзеге асыруға итерлемейді.

Балалар мен жасөспірімдер туризмін дамуының ахуалын анықтау мақсатында зерттеу барысында SWOT-талдау құралы арқылы бағалау жүргізілді. Балаларға және жасөспірімдерді туристік әрекетке араластыруға ықпал ететін факторлар іріктеліп, олардың жағымды және теріс әсері қарастырылды. Қазіргі кезде елімізде бірқатар факторлар балалар мен жасөспірімдердің туристік ресурстарды тұтынуға қолайлы жағдайларды қалыптастыруда. Оның ішінде орта және кәсіптік білім беру мекемелеріндегі арнайы туризмді насихаттауға бағытталған шаралардың кеңінен өткізілуі, кейбір өңірлерде қызмет атқаратын балалар лагерьлерінде патриоттық тәрбие жұмыстарын өткізу, жергілікті органдар тарапынан балалар мен жасөспірімдер туризміне қолдау білдіру (кесте 2). Бірқатар факторлар балалар мен жасөспірімдер туризмінің дамуында кедергі болуда (мысалы, кадр тапшылығы, ақпараттың шектеулі болуы және т.б.). Бұл кедергілерді жою үшін бүгінгі күні орталық және жергілікті органдар кешенді іс-шара жоспарларын даярлауы тиіс. Егер бұл жұмыс атқарылмаса балалар мен жасөспірімдердің туризммен алыстауына, дестинациялар шегінде қауіпсіздік деңгейінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Кесте – 3

Қазақстан Республикасындағы балалар мен жасөспірімдер туризмінің дамуына SWOT-талдау

Мықты жақтары	Әлсіз жақтары
<p>- Фактор 1.1. Балалар мен жасөспірімдердің табиғатпен байланысының жоғары болуы. Жыл сайын мектеп және колледж білім алушыларына арналған туристік іс шаралар ұйымдастырылады.</p> <p>- Фактор 1.2. Балалар лагерьлеріндегі патриоттық тәрбие. Лагерьлер қызметінде патриоттық құндылықтарды қалыптасатыру басты міндет болып есептеледі.</p> <p>- Фактор 1.3. Қоршаған ортаны қорғау бойынша облыстар деңгейінде және жергілікті деңгейде балаларды араластыру арқылы шаралардың өткізілуі.</p> <p>- Фактор 1.4. Жергілікті органдар тарапынан балалар және жасөспірімдер туризміне қолдау білдіру.</p>	<p>- Фактор 2.1. Кадр тапшылығы. Көптеген жоғары білім беру ұйымдары балалар және жасөспірімдер туризміне қатысты дағдыларды қалыптастырмайды.</p> <p>- Фактор 2.2. Инфрақұрылымның төмендігі. Туристік нысандарға жолдың болмауы. Көптеген отандық дестинацияларда инфрақұрылым ересек адамдарға бағытталып, қызмет атқарады.</p> <p>- Фактор 2.3. Материалдық базаның аздығы. Балалар мен жасөспірімдер орталықтарында туристік қажетті құрал-жабдықтардың жетіспеуі.</p> <p>- Фактор 2.4. Ақпараттық қамтамасыз етілудің төмендігі. Қосымша білім беру орталықтарына дұрыс көңіл бөлінбеуі</p>

- Фактор 1.5. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы. Елімізде цифрлық құралдар кеңінен дамып келе жатыр. Бұл өз кезегінде туристік ресурстардың қол жетімділігін арттырады.	- Фактор 2.5. Қаржыландыру төмен болуы. Мемлекеттік бюджетте балалар мен жасөспірімдер туризміне қаражат қарастырылмаған.
Қауіп қатерлер	Мүмкіндіктер
- Фактор 3.1. Көпшілік балалар мен жасөспірімдердің қызығушылығының төмендігі. Балалар мен жасөспірімдердің қызығушылығын арттыру үшін туризм саласына заманауи цифрлық қосымшаларды енгізу. - Фактор 3.2. Балалар мен жасөспірімдердің туризмге деген қолжетімділігі төмендейді. Ақпараттың жетіспеушілігі балалардың ата-анасын жүзеге асырылып жатқан шаралардан бейхабар етеді, нәтижесінде өскелең ұрпақ туристік қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайды. - Фактор 3.3. Қауіпсіздік шараларының қатаң сақталмауы. Оқушыларға әр маусым сайын қауіпсіздік шараларын мезгіліне сай жүргізіп отыру.	- Фактор 4.1. Туризм арқылы елімізді аралап танып білу. Балаларды туристік әрекетке араластыру арқылы болашақта ішкі туризмге бейім белсенді тұтынушылар қалыптасады. - Фактор 4.2. Туризмға цифрлық қосымшаларды енгізу. Жаңа технологияларды қолдану арқылы балалардың туристік ресурстарды қолдануының интерактивтілік деңгейі артады. - Фактор 4.3. Шетелдермен байланыс орнату. Отандық дестинацияларда балаларға арналған инфрақұрылымды қалыптастыру дестинацияның имиджін арттырады және шетел туристтердің ортасында танымалдылығын жоғарлатады. - Фактор 4.4. Туризмді дамыту арқылы ел экономикасына үлес қосу. - Фактор 4.5. Реабилитациялық туризмді дамыту. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы жабдықталған кабинеттер ашу.

* авторлармен жасалды

SWOT-талдауда қарастырылған факторлардың маңыздылығын анықтау мақсатында балалар мен жасөспірімдер туризмін ұйымдастыруға және жүзеге асыруға белсенді қатысатын мамандардан арнайы сарапшылар фокус-тобы құрылды. Қарастырылған факторлар сарашылар тобымен 5 балдық шкала негізінде бағаланып (кесте 4), әр фактордың жеке маңыздылығы айқындалды. Осының негізінде авторлар елімізде балалар мен жасөспірімдер туризмін дамыту бойынша бірқатар бағыттарды анықтады:

Кесте – 4

SWOT-талдау факторларының маңыздылығын бағалау нәтижесі

Мықты жақтары	5 балдық шкала негізіндегі бағасы	Әлсіз жақтары	5 балдық шкала негізіндегі бағасы
Фактор 1.1	5	Фактор 2.1	5
Фактор 1.2	3	Фактор 2.2	5
Фактор 1.3	4	Фактор 2.3	4
Фактор 1.4	5	Фактор 2.4	5
Фактор 1.5	4	Фактор 2.5	4
Орташа мәні	4,2	Орташа мәні	4,6
Қауіп қатерлер	5 балдық шкала негізіндегі бағасы	Мүмкіндіктер	5 балдық шкала негізіндегі бағасы
Фактор 3.1	3	Фактор 4.1	4
Фактор 3.2	5	Фактор 4.2	4
Фактор 3.3	4	Фактор 4.3	5
		Фактор 4.4	3
		Фактор 4.5	5
Орташа мәні	4	Орташа мәні	4,2
Маңыздылық шкаласы: 0 – 2,45 балл – факторлар маңызды емес; 2,46 – 3,7 балл – фактордың маңыздылығы орташа; 3,71 – 5,0 балл – факторлардың маңыздылығы жоғары.			

*авторлармен жасалды

кадр тапшылығы мәселесі – туризм бағытында мамандарды даярлайтын жоғары оқу орындары мен колледждерде жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларына арнайы пәндер енгізу қажет. Бұл пәндерді туризмге қатысы бар экология, тарих, география сияқты бағытында жүзеге асырылатын бағдарламаларда да қарастырған жөн. Сонымен қатар, осы салада кәсіби қызмет атқаратын педагогтар мен нұсқаушылардың арнайы курстар негізінде біліктілігін арттыру қажет және де бұл курстар дестинация шегінде оффлайн түрде, яғни тәжірибелік алаңда өткізілуі тиіс;

инфрақұрылымның төмендігі – жергілікті туристік немесе тарихи нысандарға жолдар, арнайы қауіпсіз демалыс аялдамалар салу және әкімшілікпен демеушілермен бірлесіп қаржы тарту;

материалдық базаның аздығы. Бұл тарапта балалар мен жасөспірімдер туризмі орталықтарының арнайы жабдықталған (жасанды жартас, арнайы сақтандыру жүйесі, туристік құрал-жабдықтар) өз спорт залдарының болуына назар аудару керек. Туризм саласы бойынша олимпиада, след, жарыстардың жеңімпаздарына ЖОО немесе колледжге түсуге мемлекет тарапынан жеңілдіктер қарастырылса;

ақпараттық қамтамасыз етілудің төмендігі. Атаулы мәселені шешу үшін Республика көлемінде балалар туризмін насихаттайтын форумдар, фестивальдер ұйымдастырып, өткізу керек. Сонымен қатар бұл туризм түрін насихаттау мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз байланыста жұмыс жүргізу қажет;

қаржыландыру төмен болуы – мемлекеттік мақсатты бағдарламалар енгізу және қолдау мақсатында қайтарымсыз несиелік гранттар беру жүйесін енгізу керек.

Атаулы мәселерді шешу арқылы бүгінгі күні балалар және жасөспірімдер туризмінің дамуында туындайтын қауіп қатерлердің алдын алуға болады. Ол қауіп қатерлерге келесілерді жатқызуға болады:

көпшілік балалар мен жасөспірімдердің қызығушылығының төмендігі. Бұл қауіпті айналып кету үшін бүгінгі күні біз туризмді цифрлық қосымшалармен байланыстырып ұсыну және жиі челенждер ұйымдастырып серпіліс жасайтын ойын сабақтарын өткізуге тиіспіз.

қауіпсіздік шараларының қатаң сақталмауы – Әрбір балалар мен жасөспірімдер туризмі саласы қызметкерлерін арнайы қауіпсіздік жөнінде курстардан жыл сайын өткізу (алғашқы медициналық көмек, төтенше жағдай, GPS және байланыс құрылғыларды кәсіби деңгейде меңгеру) керек.

Жоғарыда аталған ұсыныстарды жүзеге асыратын болсақ елімізде балалар мен жасөспірімдер туризмінің дамуынан оң өзгерістер байқалады деп ойлаймын. Біз бұл мәселелерді көтере отырып жас буынға бала кезден әлемнің дамушы саласы туризмді бойына сіңіреміз. Себебі өз өлкесін толық танып жетік біліп заманауи тұрғыдан меңгерген оқушы келешекте білікті маман болып елімізге сырттан қалай туристер тарту керек екенін шеше алады. Сондай-ақ туризм ерекше балалардың физикалық және психологиялық тұрғыдан сауығуына ықпал етуші құрал.

Қорытынды. Бүгінгі күні балалар мен жасөспірімдер туризмі аймақтық экономика жүйесінің ажырамас бөлігіне айналып отыр. Қазақстандағы қазіргі балалар мен жасөспірімдер туризмі жүргізілген зерттеу нәтижесінде қоғамның экономикалық, мәдени әлеуметтік дамуына ықпал ететін маңызды сала екенін көрсетті. Балалар мен жасөспірімдер туризмі жас ұрпақтың туған жер табиғаты мен мәдениетін тануына, отансүйгіштік пен экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған. Қолда бар ғылыми еңбектер мен тақырыпқа қатысты зерттеулерді талдау балалар мен жасөспірімдер туризмін түсіндіруде әртүрлі ғылыми ұстанымдардың қалыптасқанын көрсетеді. Мысалы, егер батыс ғалымдары балалар мен жасөспірімдер туризмін коммерциялық қызмет ретінде қарастырса және оған балаларды қоршаған ортаға бейімдеу, жеке тұлға ретінде қалыптасу, әлеуметтік ортада байланысты орнату құндылықтарын игеру сияқты міндеттердің орындалуы тиесілі деп санаса, отандық ғалымдар бұл туризм түрін орындайтын қоғамдық функциясы арқылы сипаттайды. Біздің ойымызша бүгінгі күні балалар және жасөспірімдер туризмі тек әлеуметтік функцияларды жүзеге асыруға бағыттайтын және тұлға құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық әрекеттің бір түрі ғана емес, сонымен қоса қоғамдық тұрғыдан пайдалы экономикалық әрекеттердің бір бағыты.

Елімізде балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытуға негіз бола алатын ресурстардың барлығы жеткілікті. Алайда сол ресурстар осы туризм түрін дамыту бағытында тиімді және жүйелі түрде пайдаланылып отыр деп айту қиын. Туризмді дамытуда кедергі болып отырған институционалдық, инфрақұрылымдық және ұйымдастырушылық факторлар жастарды туризмге араластыруда да кедергі болуда. Нақтылап айтқанда, балалар мен жасөспірімдер туризмін

дамытумен айналасатын өңірлерде арнайы институт жоқ, дестинациялар шегінде балалар мен жасөспірімдерге танымдық функцияларын толықтай жүзеге асыруға мүмкіндік беретін маршруттар мен бағдарламалардың шектеулі саны немесе жоқтығы, балаларға арналған туристік қызметтің аттрактивтілігін жоғарылата алатын және тартымды ете алатын кадрлардың жетіспеушілігі және т.б.

Статистикалық мәліметтерді талдау барысында елімізде саяхаттаушылар арасында балалардың жоғары қарқынды екені анықталды. Экономикалық аудандарға бөліп қарастырған сәтте өзге өңірлермен салыстырғанда Оңтүстік Қазақстан экономикалық аудандарында балалар туризмінің белсенді екені анықталды.

SWOT талдау нәтижесінде балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытуда мықты жақтары мен мүмкіндіктерінің айтарлықтай басым екені байқалды, алайда әлсіз жақтары мен қауіп-қатердің де шешілу жолдары қарастырылды. Атап айтқанда инфрақұрылымның төмен болуы, қауіпсіздік стандарттарының нашар орындалуы және қазіргі басым көпшілік балалар мен жасөспірімдердің қызығушылықтарының төмендігі туризм саласының дамуына әсер етеді.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей балалар мен жасөспірімдер туризмі елімізде экономикалық, мәдени, әлеуметтік дамудың басты бағытына айнала алады. Қорытындылай келе балалар мен жасөспірімдер туризмі ұлттық мәдени құндылықты сақтай отырып жас ұрпақтың табиғатпен байланысын жоғарылату, денсаулығын нығайту және қоғамдағы белсенділігін арттыру стратегиялық мәніне ие. Балалар мен жасөспірімдер туризмі саласын ғылыми негізде дамыту – еліміздегі өскелең жас ұрпақтың ұзақ мерзімді ұлттық мүдделерін қамтамасыз ететін маңызының бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шипко А.Л. Детско-юношеский туризм в контексте научного исследования // Вестник академии детско-юношеского туризма и краеведения. – 2018. – №1. – С. 90–105. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/detsko-yunosheskiy-turizm-v-kontekste-nauchnogo-issledovaniya/viewer>
2. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №262 қаулысы. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262>
3. Бахвалова А.А. Детско-юношеский туризм как вид образовательной услуги // Журнал правовых и экономических исследований. – 2015. – №2. – С. 117–120. – URL: <https://elibrary.ru/item.asp?id=23570336>
4. Тарасова О.Е., Тарасова О.Е., Шулбаев О.Н. Детско-юношеский туризм как образовательно-воспитательная среда // Тенденции развития науки и образования. – 2024. – №116. – С. 163–166. – DOI: 10.18411/trnio-12-2024-p10
5. Sergeeva A., Abdullina A., Albekova A., Shumakova G. Development of children's and youth tourism in the modern social space of Kazakhstan // Journal of Geology, Geography and Geoecology. – 2022. – №31(1). – P. 142–151. – DOI: 10.15421/112214
6. Seraphin H., Yallop A.C., Seyfi S., Hall C.M. Responsible tourism: The 'why' and 'how' of empowering children // Tourism Recreation Research. – 2022. – №47(1). – P. 62–77. – DOI: 10.1080/02508281.2020.1819109
7. Richards G. Designing creative places: The role of creative tourism // Annals of tourism research. – 2020. – №85. – 102922 p. – DOI: 10.1016/j.annals.2020.102922
8. Horner S., Swarbrooke J. Consumer behaviour in tourism. – London: Routledge. – 2020. – 201 p. – DOI: 10.4324/9781003046721
9. Квартальнов В.А. Теория и практика туризма. – М.: Финансы и статистика. – 2003. – 672 с.
10. Ожиканова Т.Т., Ишкинина Г.Ш. Оценка проблем и перспектив развития детско-юношеского туризма в Казахстане // Вестник Казахстанско-Американского Свободного университета. – 2021. – №1. – С. 156–161. – URL: <https://url-shortener.me/KJRU>
11. Имангулова Т.В., Сардаров О.А. Развитие детско-юношеского туризма на территории Алматинской области // Вестник академии детско-юношеского туризма и краеведения. – 2017. – №1. – С. 70–75. – URL: <https://url-shortener.me/KJRY>

12. Шумейко Т.С., Баубекова Г.К. Образовательный туризм как педагогическая инновация в условиях виртуальной среды // Bulletin of the Karaganda university Pedagogy series. – 2021. – №2. – С. 7–17. – DOI: 10.31489/2021ped2/7-17

13. Ramanadhan S., Revette A.C., Lee R.M., Aveling E.L. Pragmatic approaches to analyzing qualitative data for implementation science: an introduction // Implementation Science Communications. – 2021. – №2(1). – P. 70–81. – DOI: 10.1186/s43058-021-00174-1

14. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. Ішкі туризм. Электронды кестелер. –URL: <https://stat.gov.kz/ru/classifiers/statistical/21/>

15. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. Елдің туристік ағыны. Электронды кестелер. – URL: <https://taldau.stat.gov.kz/kk/NewIndex/GetIndex/702692>

REFERENCES

1. Shipko A. Detsko-yunosheskiy turizm v kontekste nauchnogo issledovaniya [Children's and youth tourism in the context of scientific research] // Vestnik akademii detsko-yunosheskogo turizma i krayevedeniya. – 2018. – №1. – S. 90–105. – URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/detsko-yunosheskiy-turizm-v-kontekste-nauchnogo-issledovaniya/viewer> [in Russian].

2. Qazaqstan Respwblıkasınıñ turistik salasın damıtwdıñ 2023 – 2029 jıldarğa arnalğan tujırındamasın bekitw twralı. Qazaqstan Respwblıkası Ükimetiniñ 2023 jılǵı 28 nawrızdaǵı №262 qawlısı [On approval of the Concept for the Development of the Tourism Industry of the Republic of Kazakhstan for 2023-2029. Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan No. 262 dated March 28, 2023]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000262> [in Kazakh].

3. Bakhvalova A. Detsko-yunosheskiy turizm kak vid obrazovatel'noy uslugi [Children's and youth tourism as a type of educational service] // Zhurnal pravovykh i ekonomicheskikh issledovaniy. – 2015. – №2. – S. 117–120. – URL: <https://elibrary.ru/item.asp?id=23570336> [in Russian].

4. Tarasova O., Tarasova O., Shulbayev O. Detsko-yunosheskiy turizm kak obrazovatelno-vospitatelnaya sreda [Children's and youth tourism as an educational and upbringing environment] // Science and education in the modern world. – 2022. – S. 163–166. – DOI: 10.18411/trnio-12-2024-p10 [in Russian].

5. Sergeyeva A., Abdullina A., Albekova A., Shumakova G. Development of children's and youth tourism in the modern social space of Kazakhstan // Journal of Geology, Geography and Geoecology. – 2022. – №31(1). – P. 142–151. – DOI: 10.15421/112214

6. Seraphin H., Yallop A.C., Seyfi S., Hall C.M. Responsible tourism: The 'why' and 'how' of empowering children // Tourism Recreation Research. – 2022. – №47(1). – P. 62–77. – DOI: 10.1080/02508281.2020.1819109

7. Richards G. Designing creative places: The role of creative tourism // Annals of tourism research. – 2020. – №85. – 102922 p. – DOI: 10.1016/j.annals.2020.102922

8. Horner S., Swarbrooke J. Consumer behaviour in tourism. – London: Routledge. – 2020. – 201 p. – DOI: 10.4324/9781003046721

9. Kvartalnov V. Teoria i praktika turizma [Theory and practice of tourism]. – M.: Finansy i statistika. – 2003. – 672 s. [in Russian].

10. Ozhikanova T., Ishkinina G. Otsenka problem i perspektiv razvitiya detsko-yunosheskogo turizma v Kazakhstane [Assessment of problems and prospects for the development of children's and youth tourism in Kazakhstan] // Vestnik Kazakhstansko-Amerikanskogo Svobodnogo universiteta. – 2021. – №1. – S. 156–161. – URL: <https://url-shortener.me/KJRU> [in Russian].

11. Imangulova T., Sardarov O. Razvitiye detsko-yunosheskogo turizma na territorii Almatinskoy oblasti [Development of children's and youth tourism in the Almaty region] // Vestnik akademii detsko-yunosheskogo turizma i krayevedeniya. – 2017. – №1. – S. 70–75. – URL: <https://url-shortener.me/KJRY> [in Russian].

12. Shumeyko T., Baubekova G. Obrazovatel'nyy turizm kak pedagogicheskaya innovatsiya v usloviyakh virtualnoy sredy [Educational tourism as a pedagogical innovation in a virtual environment] // Bulletin of the Karaganda university Pedagogy series. – 2021. – №2. – S. 7–17. – DOI: 10.31489/2021ped2/7-17 [in Russian].

13. Ramanadhan S., Revette A.C., Lee R.M., Aveling E.L. Pragmatic approaches to analyzing qualitative data for implementation science: an introduction // Implementation Science Communications. – 2021. – №2(1). – P. 70–81. – DOI: 10.1186/s43058-021-00174-1

14. Qazaqstan Respublikasy Strategiyalıq zhosparlaw zhane reformalar agenttiginyn Ulttyq statistika byurosy. Ishki turizm. Elektrondi kesteler [National Bureau of Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. Domestic tourism. Spreadsheets]. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/classifiers/statistical/21/> [in Kazakh].

15. Qazaqstan Respublikasy Strategiyalıq zhosparlaw zhane reformalar agenttiginyn Ulttyq statistika byurosy. Eldyn turistiky agyny. Elektrondi kesteler [National Bureau of Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan. Tourist flow of the country. Spreadsheets]. – URL: <https://taldau.stat.gov.kz/kk/NewIndex/GetIndex/702692> [in Kazakh].

Кенжеғалиев А.А., Муканов А.Х.

СОВРЕМЕННЫЕ ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ДЕТСКОГО И ЮНОШЕСКОГО ТУРИЗМА В РЕГИОНАХ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В современных условиях детско-юношеский туризм рассматривается не только как важный инструмент формирования молодого поколения как личности, но и как фактор повышения привлекательности туристских территории. Активное вовлечение детей и подростков в процесс освоения и потребления туристских ресурсов позволяет данному направлению туризма решать ряд социально-экономических задач в пределах туристской дестинации. Различия в уровне развития детско-юношеского туризма в регионах Казахстана требует пересмотра сложившихся подходов к организации и управлению досугом, оздоровлением и рекреационной деятельностью в данной сфере.

Основная цель исследования заключается в выявлении современных особенностей развития детско-юношеского туризма в Республике Казахстан и разработке рекомендации, направленных на решение актуальных проблем вовлечения молодого поколения в туристскую деятельность. В ходе исследования авторы, используя теоретический анализ и количественные методы, сосредоточили внимание на определении основных характеристик развития детско-юношеского туризма в регионах Казахстана, оценке сильных и слабых сторон системы обеспечения оздоровления и рекреации детей, а также на обосновании путей совершенствования туристско-рекреационной среды, ориентированной на детскую аудиторию.

Исследование выполнено на основе анализа трудов отечественных и зарубежных ученых, рассмотрения статистических данных, представленных на официальных интернет-ресурсах, а также изучения нормативно-правовых документов, регулирующих данную сферу деятельности.

Kenzhegaliyev A., Mukanov A.

CONTEMPORARY FEATURES OF CHILDREN'S AND YOUTH TOURISM DEVELOPMENT IN THE REGIONS OF KAZAKHSTAN

Annotation

In the current context, children's and youth tourism is regarded not only as an important tool for shaping the younger generation as individuals, but also as factor that enhances the attractiveness of tourist areas. By actively involving children and adolescents in the process of exploring and consuming tourism resources, this form of tourism contributes to addressing a number of socio-economic issues within a tourist destination. Differences in the level of development of children's and youth tourism across the regions of Kazakhstan require a reconsideration of the existing approaches to organizing and managing leisure, health improvement and recreational activities in this field.

The main purpose of the study is to identify the current features of the development of children's and youth tourism in the Republic of Kazakhstan and to develop recommendations aimed at solving the key issues related to involving the younger generation in tourism activities. In the course of the study, the authors, using theoretical analysis and quantitative methods, focused on identifying the main characteristics of children's and youth tourism development in the regions of Kazakhstan, assessing the strengths and weaknesses of the system for ensuring children's health improvement and recreation, as well as substantiating ways to improve the tourism and recreational environment designed for children.

The study was carried out on the basis of an analysis of works by domestic and foreign scholars, a review of statistical data presented on official Internet resources, and an examination of regulatory legal documents governing this field of activity.